

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 "
Павлодар облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды
алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу
туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 197/16 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қыркүйекте № 29665 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 241/27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 26.12.2025 № 241/27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 8 қарашадағы № 418/35 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6604 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2-тармақтың 1) және 5) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"1) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

5) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК